

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ
ЕРЕКШЕЛІК СИПАТТАМАСЫ.
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІК**

□ **Жоспары:**

- 1. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сипаттамасы.
- 2. Мұғалімнің кәсіби-маңызды қасиеттері.
- 3. Кәсіби педагогикалық құзіреттілік.
- 4. Мұғалімнің педагогикалық этикасы мен әдептілігі, кәсіби мәдениеті.

Кез келген жеке тұлға тек өзінің белсенді іс-
әрекеті арқылы ғана дамитыны белгілі.


Сондықтан адамтану ғылымдарының барлығы
өз тұрғысынан адам санасы мен іс-әрекеттерін
зерттеуге тырысады.

Педагогикалық көзқарастар бойынша *іс-әрекет* - қоғамдық және жеке тұлғалық маңызды нәтиже беретін бір мақсатқа бағытталған белсенділік

Өзіндік жеке іс-әрекеттері арқылы адам басқа әлеуметтік іс-әрекеттерге араласады. Іс-әрекеттің осындай сипаты оның нақты бір құрылымы бар екенін анықтайды.

Мотив, мақсат

Іс-әрекеттің
құрылымына



Адамдардың іс-
әрекеттері

```
graph TD; A[Адамдардың іс-әрекеттері] --> B[Мазмұны]; A --> C[Шұғылданатын кәсібіне байланысты]; B --> D[Орындалу сипаты]; B --> E[Кәсібіне байланыты түрлерге бөлінеді.]; C --> F[Медициналық, педагогикалық, инженерлік т.с.с];
```

Мазмұны

Шұғылданатын
кәсібіне байланысты

Орындалу сипаты

Кәсібіне байланыты
түрлерге бөлінеді.

Медициналық,
педагогикалық,
инженерлік т.с.с

МАЗМҰНЫ ЖАҒЫНАН ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ:

*танымдық қоршаған
әлем туралы
білімдермен қарулану,
дүниені танып білу);*

*зерттеушілік (белгісіз
құбылыстарды
зерттеу процесі);*

*коммуникативтік (қар
ым-қатынас орната
алу, тіл табыса алу
процестері);*

*білім
берушілік {басқаларға
білім беру процесі);*

*өзгертушілік (қоғамды
өзін жетілдіру
процесі) болып
ажыратылады*

Әр-түрлі *белгілеріне қарап* педагогика-психология ғылымдарында іс-әрекеттердің негізгі түрлері ретінде:

ойын;

қарым-қатынас;

еңбек;

оқу қарастырылады.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТТЕРІНЕ МЫНАДАЙ НЕГІЗГІ ҚАСИЕТЕРДІ КІРГІЗУГЕ БОЛАДЫ:

1	оқушыларға деген сүйіспеншілігі;
2	педагогикалық, процесті жүйелі жүргізе алуы; бақылағыштығы;
3	педагогикалық, құбылыстарға талдау жасай алуы;
4	педагогикалық, ойлаудың қалыптасуы;
5	қарым-қатынас жасай алуы;
6	ұжымшылдық; шығармашылығы және т.б.

Мұғалім - өскелең ұрпақтың,
интеллектуалдық негізін және
рухани дүниесін қалыптастырушы,
сонымен қатар ол халқымыздың
болашағы болып
саналатын *балалар* тәрбиесіне
жауапты қоғамның сенімді өкілі.
Осындай аса ізгі де аса қиын кәсіп
мұғалімдерден тұрақты
шығармашылықты, ойдың
тынымсыз жұмысын, орасан зор жан
жомарттығын, балаларға деген
сүйіспеншілікті, іске
шексіз адалдықты талап етеді.

-
- *Эмпатия* - мұғалімнің оқушылардың психикалық жағдайын, көңіл-күйлерін түсінуі, өзін басқа адамның-орнына қоя алуы.

- Мұғалім тұлғасын сипаттайтын негізгі кәсіби маңызды қасиеттері оның педагогикалық әдебінің көрсеткіші де болып табылады. Тәжірибелі педагог И.Е.Синицаның пікірінше педагогикалық әдеп әр мұғалімнің жас мөлшеріне, темпераментіне, мінезқұлқына байланысты келеді. Педагогикалық әдеп - мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. И.Е. Синица өзінің «Педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік» деген еңбегінде мұғалімнің мынандай негізгі қасиеттеріне айырықша тоқталады:

Байқағыштық;

Ілтипаттылық;

Сенім;

Әділдік;

Төзім және сабыр сақтау.